Өтеген батыр кенті “№ 24 лицей”МКМ

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ: АБДАНОВА АҚҚУАШ ДЖОЛАМАНҚЫЗЫ

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: “ДИАГРАММАЛАР ҚҰРУ”

8-СЫНЫП

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

Білімділік: Оқушыларды Excel-дің негізгі графикалық мүмкіндіктерімен таныстыру және құрылған кестеге диаграмма тұрғызуды үйрету;

Дамытушылық: Диаграмма тұрғызудың негізгі қадамдарын орындай отырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Жан-жақты болуға, ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу;

Сабақтың типі: Жаңа сабақ.
Сабақтың әдісі:түсіндірмелі,зерттеушілік,практикалық
Пәнаралық байланыс: геометрия,сызу;
Сабақтың көрнекілігі:Компьютер,MS Excel терезесі,
Диаграмма шебері, интерактивті тақта,үлестірмелі материалдар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

- Оқушылармен сәлемдесу;
- Оқушыларды түгендеу;
- Олардың құрал-жабдықтарын және сабаққа дайындықтарын тексеру;
- Шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айту арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.

IV. Жаңа сабаққа дайындық кезеңі

«Тосып ал» ойыны.
Оқушыларға допты лақтырып, сұрақтар қоямын, тосып алған оқушы жауап беру арқылы сабақтың тақырыбы ашамын.

«ТОСЫП АЛ»

MS Excel бағдарламасын қалай іске қосамыз?

Excel-дің қызметі қандай?

Ұяшықтағы мәліметтерді қалай көшіруге болады?

Кестемен жұмыс (жол, баған немесе бет қосу, өшіру амалдары).

Excel бағдарламасында формула жазу тәртібі.

Ұяшықтардың абсолют немесе салыстырмалы сілтемелері не үшін қолданылады?

Автоформат командасы не үшін арналған және ол қалай қолданылады?

Мәліметтерді графикалық түрде ұсыну үшін нені қолданамыз?

V. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі. «Мағынаны ажырату».

Диаграммалармен жұмыс істеу

Қазіргі заманғы кестелік процессорлар сүреңсіз статистикалық мәліметтерді бояулы диаграммалармен, графиктермен және графикалық объектілермен (серуттермен, схемалармен) түрлендіруге мүмкіндік береді. Диаграммалар мәліметтерді графикалық ұсыну үшін арналған.

Диаграмма (грек. Διάγραμμα (diagramma) — бейне, сурет, сызба мағыналарын білдіреді) — бұл мәліметтерді талдау мен салыстыру ыңғайлы болу үшін кестедегі мәліметтердің көрнекі графиктік түрде берілуі.

Диаграммалар келесі типтегідей болып келеді:

Диаграмма құру үшін:

- Диаграмма құратын мәліметтерді енгізу;
- Диаграмма құруға қажет мәліметтерді жұмыс парағында белгілеу;
- *Вставка* менюіндегі *Диаграммалар* командасын таңдау;
- *Вставка диаграммы* диалогтік терезесінде диаграмма түрін таңдау қажет;
- *Макеты диаграмм* диалогтік терезесінде диаграмманың атын, аңызын енгізуге болады.


Гистограмма
График
Круговая
Линейчатая
С областями
Точечная
Другие
Диаграммы


Вставка диаграммы
Шаблоны
Гистограмма
График
Круговая
Линейчатая
С областями
Точечная
Биржевая
Поверхность
Кольцевая
Пузырьковая
Лепестковая
Гистограмма
График
Круговая
Управление шаблонами...
Сделать стандартной
ОК
Отмена

Диаграммалар мынадай элементтерден тұрады:

- Тор;
- Тақырыптар – диаграмманың жеке элементтерін түсіндіру үшін қолданылады;
- Аңыз – диаграммаларда берілген деректердің қатарларын ажыратуға көмектеседі.

Тақырыбы



Мәндер осі

Категориялар осі

Тор

С е р г і т у с ә т і

VI. Жаңа материал бойынша түсініктерін тексеру

1.Суреттер бойынша сәйкестендіру



2. Компьютерде тәжірибелік жұмыс

Деңгейлік тапсырмалар Үш топқа бөлінеді:

▲ -жеңіл тапсырмалар

■ -стандартқа сәйкес тапсырмалар

●-күрделі тапсырмалар

Тапсырма

Диаграмманың типтері

Бағандық

Графиктік



Сақиналық



Сызықтық



Аудандық



Дөңгелек



Цилиндрлік



Нүктелік



Конустық



VII. Жаңа сабақты бекіту кезеңі.

Plickers бағдарламасымен тест тапсырады.

1. **Plickers.com** сайтына кіру
2. Ұялы телефоннан **Plickers** қосымшасын ашу.
3. Оқушыларға QR код карточкаларын таратып беру.



ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ
ЭЕМ-ді БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТУ ҚҰРЫЛЫМЫ
АЛГОРИТМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ
ЭЕМ-ді БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТУ ҚҰРЫЛЫМЫ
АЛГОРИТМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ
ЭЕМ-де ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ
ЭЕМ-ді БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТУ ҚҰРЫЛЫМЫ
АЛГОРИТМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ
ЭЕМ-де ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ КЕЗЕҢДЕРІ

АЛГОРИТМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ
ЭЕМ-де ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ КЕЗЕҢДЕРІ
Есептің қойылуы
Сандық әдісін таңдау
Кезеңдерді таңдау
Есепті бағдарламалау
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТУДЫ ТАҢДАУ КЕЗЕҢДЕРІ

«Ой толғаныс». Кері байланыс орнату

Сабақтың соңында оқушылар берілген кері байланыс парағын толтырып,тақтадағы конвертке салып кетеді.

VIII. Үйге тапсырма беру кезеңі:

MS EXCEL-ДЕ ДИАГРАММАЛАР ҚҰРУ (мазмұндау).

Диаграмма құру: информатика пәнінен тоқсандық бағаларының қорытындысы.

Сыныбы	Оқушы саны	5	4	3	2
8 «А»	21	6	5	10	-
8 «Ә»	21	5	6	10	-
8 «Б»	18	6	2	10	-

Бағалау: Смайликтер арқылы бағалаймын.

Назарларыңызға рахмет!